

«ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ



БЕКІТЕМІН

«Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КеАҚ

Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі

Басқарма мүшесі – проректор

М.К. Ибраимов

2026 ж.

ЕРЕЖЕ

«Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Үздік жас ғалымы» конкурсы туралы

1. Жалпы ережелер

Осы «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің Үздік жас ғалымы» конкурсын (бұдан әрі – Конкурс) өткізу шарттары мен тәртібі туралы Ереже ғылыми-зерттеу белсенділігін ынталандыру, ғылыми зерттеулер нәтижелерін оқу және ғылыми үдерістерге, сондай-ақ практикаға енгізу деңгейін арттыру мақсатында әзірленді.

2. Конкурстың мақсаты мен міндеттері

Конкурстың мақсаты:

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың білім алушыларына, жас ғалымдары мен қызметкерлеріне ғылыми-инновациялық қызметті белсенді жүргізуге ұйымдастырушылық-әдістемелік қолдау көрсету, олардың ғылыми жетістіктерін насихаттау, ғылыми-зерттеу жұмыстарының нәтижелерін оқу және өндірістік үдерістерге енгізу.

Конкурстың міндеттері:

- жас ғалымдардың ғылыми-инновациялық қызметін жандандыру және жарияланымдық белсенділігін ынталандыру;
- жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру жүйесінде ғылыми және инновациялық қызметтің табысты тәжірибесін тарату;
- инновациялық әрі жоғары технологиялық экономиканың және университеттік ғылымның дамуына елеулі үлес қосып отырған жас ғалымдарды қолдау және марапаттау;

Handwritten signature

- жас ғалымдардың ғылыми-зерттеу қызметі нәтижелеріне қоғам мен мемлекеттік органдардың назарын аудару.

Конкурсты ұйымдастыру және өткізу жұмыстары мынадай қағидаттарға негізделеді:

- жариялылық және ашықтық;
- Конкурс туралы ақпаратты алу мен таратудың еркіндігі;
- университет шеңберінде жұмыс орнына, атқаратын лауазымына және академиялық/ғылыми дәрежесінің болуына немесе болмауына қарамастан жас ғалымдардың құқықтарының теңдігі;
- бәсекелестік, өтінімдерді конкурстық негізде қарау;
- зерттеулердің бірегейлігі мен жаңашылдығы.

3. Конкурсқа қатысушылар

Конкурсқа:

- ғылыми дәрежесі бар (ғылым кандидаты, PhD докторы немесе бейіні бойынша доктор) 35 жасқа дейінгі (қоса алғанда) және өтінім беру сәтінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да еңбек қызметін жүзеге асыратын жас ғалымдар (бұдан әрі – Үміткер);
- ғылыми дәрежесі жоқ (магистрлер, магистранттар, PhD докторанттар) 35 жасқа дейінгі (қоса алғанда) және өтінім беру сәтінде Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да еңбек қызметін жүзеге асыратын немесе білім алатын жас ғалымдар (бұдан әрі – Үміткер) қатыса алады.

Бұрын «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың Үздік жас ғалымы» дипломымен марапатталған жас ғалымдар Конкурсқа алдыңғы марапатталған күннен бастап кемінде бес жыл өткен соң қайта қатыса алады.

4. Конкурсты өткізу тәртібі және іріктеу критерийлері

4.1. Конкурс жылына бір рет өткізіледі. Конкурстың басталу және өткізу мерзімдері <https://farabi.university/> сайтында орналастырылады.

4.2. Үміткерлерді Конкурсқа ұсыну факультеттің Ғылыми кеңесі немесе Ғылыми-техникалық кеңесі, ғылыми-зерттеу институттары арқылы жүзеге асырылады. Бір құрылымдық бөлімшеден ұсынылатын үміткерлер саны шектелмейді.

4.3. Конкурс екі кезеңде өткізіледі:

4.3.1. Қатысушылар белгіленген нысан бойынша (1 және 2-қосымшалар) сауалнаманы және ғылыми жетістіктері туралы мәліметтерді толтырып,

Конкурстың жауапты хатшысына электрондық форматта және ұсынушы факультет/бөлімше/ҒЗИ басшысының мөрімен расталған қағаз түрінде өтінімдерді қабылдау мерзімі аяқталғанға дейін тапсырады.

4.3.2. сараптамалық комиссия әр номинация бойынша 16 үздік жас ғалымды іріктеп, оларды Конкурстың финалына өткізеді. Қажет болған жағдайда сараптамалық комиссия іріктелген қатысушыларды қосымша хабарлау арқылы очный турға шақыруға құқылы.

4.4. Бағалау көрсеткіштері

4.4.1. Соңғы 3 жылдағы жарияланымдардың сапасы мен саны:

- Web of Science және/немесе Scopus дерекқорларына енгізілген ғылыми мерзімді басылымдардағы жарияланымдар;
- алыс шетелдің беделді баспаларында ағылшын тілінде жарық көрген монографиялар/монография тараулары;
- ҚР Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдар тізбесіне кіретін қазақстандық журналдардағы мақалалар.

4.4.2. Қазақстандық және халықаралық ғылыми жобаларға қатысуы, сыйлықтар мен гранттардың болуы:

- республикалық немесе жергілікті бюджет есебінен, ведомстволық, үкіметтік емес, халықаралық және шетелдік ұйымдар мен қорлар қаржыландыратын ғылыми жобалар мен гранттарға қатысу;
- мемлекеттік, үкіметтік, ведомстволық, үкіметтік емес, халықаралық және шетелдік ұйымдар мен мекемелердің сыйлықтарының болуы;
- Қазақстан Республикасының мақсатты бағдарламаларына қатысу.

4.5. Ғылыми-зерттеу және инновациялық қызмет үшін балл қою шкаласы 2-қосымшада көрсетілген.

5. Сараптамалық комиссия туралы ереже

5.1. Әр номинация бойынша сараптамалық комиссия үш мүшеден тұрады.

Комиссия құрамына факультеттердің, бөлімшелердің және ҒЗИ ұсынысы бойынша тиісті ғылыми бағыттар бойынша университет ғалымдары енгізіледі.

5.2. Сараптамалық комиссия төрағасы – «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАҚ-тың Ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі Басқарма мүшесі-проректор.

5.3. Төрағаның орынбасары, ал ол болмаған жағдайда оның міндетін атқарушы – Ғылым және инновациялық қызмет жөніндегі департаменттің директоры.

5.4. Жауапты хатшы – студенттердің ғылыми-зерттеу жұмыстары бағытын үйлестіретін ғылым және инновациялық қызмет департаментінің қызметкері.

5.5. Жауапты хатшы мен комиссия мүшелері жыл сайын сайланады.

6. Қорытынды шығару және жеңімпаздарды марапаттау

6.1. Конкурс жеңімпаздары қатысушылар жинаған балл негізінде айқындалады. Хаттамаға сараптамалық комиссия төрағасы қол қояды.

6.2. Жеңімпаздар мына номинациялар бойынша анықталады:

- «Жаратылыстану ғылымдары саласындағы үздік жас ғалым»;
- «Әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар саласындағы үздік жас ғалым».

6.3. Өз номинациясы бойынша жеңімпаз атанған қатысушылар «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ» КЕАҚ дипломымен және 100 000 (жүз мың) теңге көлеміндегі ақшалай сыйақымен марапатталады.

6.4. Финалистерді марапаттау салтанатты рәсімде өткізіледі. Жеңімпаздар туралы ақпарат <https://farabi.university/> сайтында жарияланады.

7. Ұйымдастырушының деректемелері

7.1. Ұйымдастыру комитетінің мекенжайы:

Қазақстан Республикасы, Алматы қаласы, 050040, әл-Фараби даңғылы, 71,
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Ғылым және инновациялық қызмет департаменті.
Тел.: +7 (727) 377-33-30, ішкі: 11-62.

7.2. Жауапты хатшының деректемелері Конкурсты өткізу туралы ақпараттық хатта көрсетіледі және <https://farabi.university/> сайтында орналастырылады.

8. Тараптардың құқықтары мен міндеттері

8.1. Қатысушылар Конкурс нәтижелері жарияланған күннен бастап 1 (бір) жұмыс күні ішінде Сараптамалық комиссия шешімімен келіспеген жағдайда апелляция беруге құқылы.

8.2. Сараптамалық комиссия ұсынылған өтінім Конкурс талаптарына сәйкес келмеген жағдайда өтініш берушіні Конкурсқа жібермеуге құқылы.

Қарасов А.Т.